

ҚҰРЫЛТАЙ

23 тамыз
августа



ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

ГОЛОСУЙ ЗА ОБНОВЛЕНИЕ!

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№30 (189) ЖҰМА

21 тамыз 2026

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

«Қазақмыс» корпорациясы мен шетелдік China National Chemical Engineering (CNCEC) компаниясы Жезқазған мыс балқыту зауытында жаңа күкірт қышқылы цехын салу туралы меморандумға қол қойды. Маңызды құжатқа қол қою рәсіміне Ұлытау облысының әкімі Есет Байкен, «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС Басқарма төрағасы Руслан Өскенәлі және CNCEC Директорлар кеңесінің төрағасы Бао Гуандун қатысты.

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНДА КҮКІРТ ҚЫШҚЫЛЫ ЦЕХЫ САЛЫНАДЫ



Инвестициялық жобаның жалпы құны 213,76 млн АҚШ долларын құрайды. Жобаны іске асыру кәсіпорынды экологиялық және технологиялық жаңғыртудың маңызды кезеңдерінің біріне айналып, Жезқазған қаласына түсетін экологиялық жүктемені едәуір төмендетуге мүмкіндік береді.

«Бұл — Жезқазғандағы экологиялық жағдайды жақартуға, шығарындыларды азайтуға және өңірдің өнді-

рістік әлеуетін нығайтуға бағытталған ауқымды жоба. Жоба Үкіметтің қолдауымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Ұлытау өңірін дамыту жөніндегі тапсырмаларын іске асыру аясында жүзеге асырылу-

да», — деді Ұлытау облысының әкімі Есет Байкен.

Жоба жаңа күкірт қышқылы өндірісін салумен қатар, технологиялық газдарды ұстау және тазарту жүйесін жаңғыртуды көздейді. Жаңа жүйе технологиялық процестерді

автоматтандыру мен бақылаудың заманауи құралдарымен жабдықталады.

Жоба іске асырылғаннан кейін технологиялық газдарды ұстау деңгейі 99%-ға дейін жетеді. Бұл өндіріс шығарындыларын айтарлықтай

азайтып, қоршаған ортаға түсетін әсерді төмендетуге мүмкіндік береді.

Нысанды пайдалануға беру 2028 жылға жоспарланып отыр.

Облестік баспасөз қызметі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУДА ДАУЫС БЕРУ ТӘРТІБІ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Сайлау учаскесінде сол сайлау учаскесіндегі тізімге енгізілген сайлаушылар, сондай-ақ есептен шығару куәліктерін ұсынған адамдар жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуі бойынша дауыс бере алады.

Әр сайлаушы жеке дауыс береді.

Сайлау бюллетені жасырын дауыс беруге арналған кабинада өзі жақтап дауыс беретін саяси партия атауының оң жағындағы бос шаршыға не «Бәріне қарсымын» деген жолдағы бос шаршыға белгі қою арқылы толтырылады.

Бюллетенді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы өзі сенетін

және оның тегі дауыс бергеннен кейін сайлаушылардың тізіміне енгізіліп, тұсына сайлаушының бюллетень алғандығы жөнінде қолы қойылатын адамның көмегін пайдалануға хақылы.

Мыналар ондай адам болуға тиіс емес: сайлау комиссиясының мүшесі, жергілікті өкілді немесе атқарушы органның лауазымды адамы, кандидаттың сенім білдірген адамы, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі, тиісті сайлау комиссиясында тіркелген байқаушы.

Толтырылған бюллетенді сайлаушы дауыс беруге арналған жәшікке салады.

**Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы**

(Республикалық бюджет есебінен жарияланады)

ПОРЯДОК ГОЛОСОВАНИЯ НА ВЫБОРАХ ДЕПУТАТОВ КУРУЛТАЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

23 августа 2026 года состоится выборы депутатов Курултая Республики Казахстан.

На избирательном участке голосуют избиратели, включенные в список избирателей на данном избирательном участке, а также лица по открепительному удостоверению по предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Каждый избиратель голосует лично. Избирательный бюллетень заполняется в кабине для тайного голосования путем проставления отметки в пустом квадрате справа от наименования политической партии, за которую он голосует, либо в пустом квадрате в строке «Против всех».

Избиратель, не имеющий возможности самостоятельно заполнить

бюллетень, вправе воспользоваться помощью лица, которому он доверяет и фамилия которого после голосования заносится в список избирателей рядом с росписью избирателя в получении бюллетеня.

Этим лицом не могут быть: член избирательной комиссии, должностное лицо местного представительного или исполнительного органа, доверенное лицо политической партии, представитель средств массовой информации, наблюдатель, зарегистрированные в соответствующей избирательной комиссии.

Заполненный бюллетень опускается избирателем в урну для голосования.

**Центральная избирательная
комиссия Республики Казахстан**

(Публикуется за счет республиканского бюджета)

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР МЕН ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ ЖАҒДАЙЫН ТЕКСЕРДІ

Ұлытау облысының әкімі Сәтбаев қаласына жұмыс сапарымен барып, білім беру және денсаулық сақтау нысандарының жағдайын, жол жөндеу жұмыстарының барысын тексерді. Сондай-ақ қаладағы реновация бағдарламасының жүзеге асырылу мәселелерімен танысты.

Биыл Сәтбаев қаласында жалпы ұзындығы 17 шақырым болатын жол учаскелеріне орташа жөндеу жүргізілуде. Оның ішінде екі көшеге қиыршық тасты асфальт-бетон жабыны, жеті көшеге екі қабатты, алты көшеге бір қабатты асфальт төселуде.

Қалалық аурухананың жағдайын тексеру барысында корпустарды байланыстыратын жылы өткел салу қажеттігі көтерілді. Өңір басшысы бұл ұсынысты қолдап, тиісті жобалау жұмыстарын жүргізіп, құрылысты келесі жылы бастауды тапсырды.



Сонымен қатар облыс әкімі аурухана аумағын абаттандыру жұмыстарының сапасына қатысты бірқатар сын-ескертпе

айтып, жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар жүктеді.

Жедел басқару орталығының жұмысын бақылаған облыс әкімі қалада сараптама жасайтын камералардың болуы шарт екенін атап өтті.

Жұмыс сапары барысында Есет Байкен қала аумағындағы жер телімдерінің мақсатты пайдаланылуына да назар аударды. Бұдан бөлек, білім беру нысандарының, Оқушылар үйі мен балабақшалардың құрылысына қатысты нақты тапсырмалар беріп, олардың іске асырылуын бақылауды тапсырды.

Облестік баспасөз қызметі



«АТЫҢНАН АЙНАЛАЙЫН, АРМАН - АУЫЛ!...»

Қазақстан
Жазушылар
одағының
мүшесі, ақын
Дәуренбек
Бұланбаев
туған ауылы
Сарысуға ат
басын бұрып,
осындай ата-
умен кездесу
кешін өткізді.



Кездесу кешінде қаламгер бауырымыз биыл жарық көрген «Жалғыз» жыр жинағын, сондай-ақ «Таудан да биік» естеліктер жинағын ауыл тұрғындарына, кітапханаға табыс етті.

Кеш барысында жаңа жинақтан сиясы көппеген жырлар оқылды, сондай-ақ «Таудан да

биік» естеліктер жинағының басты кейіпкерлері, ауыл шаруашылығының дамуына үлкен үлес қосқан ағайынды қос тұлға - ақын Дәнеке Бұланбайұлы жайлы, сол ауылдың тумасы, күйші Тұрсынбек қажы Бұланбайұлы туралы ауыл ақсақалдары естеліктер айтты.

Ауыл әкімі Сәтжан Құрман-

баев ақын ауылдасы Дәуренбек Дәнекеұлына шығармашылық табыс тілеп, Алғыс хатпен марапаттады.

Дәуренбек Дәнекеұлына Сарысу ауылының Ақсақалдар Кеңесінің төрағасы Жамсап Әбуұлы ақ батасын берді.

Абдолла НҰРТАУҰЛЫ

ЗЕРТТЕУ КҮНДЕЛІГІНЕН

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ЕЛІНЕ САЯХАТ

Өткенге салауат айтып, тарих сабағынан тағылым алу – әрбір саналы ұрпақтың борышы. 2026 жылдың 23 шілдесінде біздің отбасымыз үшін ерекше маңызды, тарихи-танымдық экспедиция өтті. Сондай ұлы сапардың басты ұйымтқысы – нағашы әжем болса, әкеміз жол бастап, анамыз қолдау білдіріп, Торғай өңіріндегі ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған жеріне сапар шектік.

Қостанай облысы, Жангелдин ауданындағы Ахмет ауылына (тарихи Торғай уезі) аяқ басу – болашақ журналист әрі жас зерттеуші ретінде маған үлкен жауапкершілік пен терең толғаныс сыйлады.

Ауылға табан тірегенімізде бізді анамның сіңілісі, құшағы даладай кең нағашы апамның шаңырағы құшақ жая күтіп алды. Қазақы қонақжайлылық пен ақкөңіл ықыластың ортасында отырып, әулеттің үлкені – Қасқырбай атаның өнегелі әңгімесін тыңдадық. Данагөй атамыз Ахмет Байтұрсынұлының ұлт үшін жасаған ерен еңбегі, оның тұлғалық биігі туралы ағынан жарыла сөз қозғап, біздей жас ұрпақты тарихи тамырымызды қадірлеуге шақырды. Өнегелі қарияның әр сөзі жүрегімізге ұялап, Ахмет атамыздың рухына деген құрметімізді арттыра түсті.

Сапар барысында біз ең алдымен Ұлт Ұстазының мұражай-үйіне аялдадық. Мұнда бізді Ақкөл ауылының әкімі Қалиев Балғабай Таулашұлы арнайы қарсы алып, тарихи жәдігерлермен егжей-тегжейлі таныстырды. Ел ағасы Балғабай Таулашұлы өз сөзінде Ахмет Байтұрсынұлының ұрпақтары мен бұл өңірден шыққан көрнекті тұлғалар туралы деректермен бөлісті. Оның ішінде Кенжеғали ағамыз бен философия ғылымдарының докторы Төлеуғали Қайыржанұлы Бөрібаев сынды тұлғалардың ел дамуы мен ғылымына қосқан үлесін ерекше атап өтті.

Сондай-ақ, Балғабай Таулашұлы Ахмет Байтұрсынұлының ұрпақтары мен өскелең ұрпақтың бойында болуы тиіс мына бір өмірлік басты ұстанымын айтқанда толқымау мүмкін емес еді.

«Білімді болуға оқу керек.

Бай болуға кәсіп керек.

Күшті болуға бірлік керек.

Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек»

Мұражайды аралап, Балғабай Таулашұлымен сұхбаттасу кезінде тарихи тағдырдың ащы шындықтары да сөз болды. Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолы мен тағдыры өте ауыр болғандықтан, ол кісінің мерейтойлары да ылғи қайшылықтармен тұспа-тұс келіп отырған. 1922 жылы 50 жылдық мерейтойы атап өтілсе, ғасыр аттап 2022 жылы ғана 150 жылдық мерейтойы халықаралық деңгейде кеңінен тойланды. Сондай-ақ музей деректерінен белгілі болғандай, 1926 жылы Ахмет Байтұрсынұлы Торғайға арнайы келіп, әкесі мен ағасының қорымын көтеріп, бастарына тас қойған екен. Осы сапарынан кейін ұлт ұстазының бұл туған өңірге қайта оралуға мүмкіндігі болмаған... Мұражайдан кейін біз отбасымызбен бірге Ахмет атамыздың кесенесіне барып, аруағына бағыштап құран оқып, тағзым еттік.

Торғай топырағына жасалған бұл сапар – жай ғана экспедиция емес, мен үшін үлкен рухани сабақ болды. Болашақ журналист әрі жас зерттеуші ретінде мен ұлт арыстарының аманат еткен мұрасын зерттеп, ақиқатын жазуды өзімнің басты борышым деп білемін. Ұлттың ұлы ұстазы айтып кеткендей, білім мен бірліктің жолында аянбай еңбек ету – болашақ жастың басты мақсаты.

Ақниет ЖҰМАБЕК,

№6 тірек мектебінің 11-сынып оқушысы.

Жезді кенті



АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ
ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК:ЕСІРТКІ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМЫ МЕН
ҚОЛДАНЫЛУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Қоғамда «Заң және тәртіп» идеологиясын ілгерілету жөніндегі іс-қимыл жоспарын іске асыру шеңберінде азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, құқық бұзушылықтардың алдын алуға және заңнама талаптарын сақтауға жауапты көзқарасты қалыптастыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына ерекше мән беріледі.

Осы жұмыстың маңызды бағыттарының бірі – халықты есірткі құралдарының заңсыз айналымы мен қолданылуының құқықтық салдары, сондай-ақ медициналық, психологиялық және әлеуметтік көмек алу мүмкіндіктері туралы ақпараттандыру.

Есірткі құралдарының заңсыз айналымы қоғамдық қауіпсіздікке ғана емес, азаматтардың өмірі мен денсаулығына да елеулі қауіп төндіреді. Қазақстан Республикасының заңнама-сында есірткі құралдарын заңсыз сатып алу, сақтау, тасымалдау, дайындау, қайта өңдеу, өткізу және өзге де әрекеттер жасағаны үшін жауапкершілік көзделген. Жасалған әрекеттің сипаты мен ауырлығына қарай заңда көзделген жауапкершілік әкімшілік те, қылмыстық та болуы мүмкін.

Есірткінің заңсыз айналымына делдал, тасымалдаушы немесе оларды беруді жүзеге асыратын тұлға ретінде қатысудың өзі елеулі құқықтық салдарға әкеп соғуы мүмкін екеніне ерекше назар аудару қажет. Заңды білмеу немесе жасалған әрекеттің салдарының ауырлығын түсінбеу заңнамада көзделген жағдайларда жауапкершіліктен босатпайды.

Сонымен қатар есірткі қолданудың алдын алу тек жауапкершілік мәселелерімен шектелмеуі тиіс. Азаматтардың қажетті көмекке қол жеткізуін қамтамасыз ету және есірткі құралдарын қолдану проблемасына тап болған адамның медициналық, психологиялық және әлеуметтік көмек алуға құқығы бар екендігі туралы уақтылы ақпараттандыру маңызды.

Мамандарға уақтылы

жүгіну білікті кеңес алуға, қажетті медициналық көмек пен психологиялық қолдауға, сондай-ақ әлеуметтік бейімделуге және қалыпты өмір салтын қалпына келтіруге жәрдем алуға мүмкіндік береді. Мұндай қолдау есірткіге тәуелділік мәселесіне тап болған жастар мен отбасылар үшін ерекше маңызға ие.

Есте ұстаған жөн: көмекке жүгіну – әлсіздіктің белгісі емес, адамның және оның жақындарының денсаулығын, өмірін және әл-ауқатын сақтауға бағытталған жауапты қадам.

Осы саладағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары азаматтардың заңнама талаптарына саналы көзқарасын қалыптастыруға, құқық бұзушылықтардың алдын алуға және есірткіге байланысты әлеуметтік тәуекелдерді төмендетуге ықпал етеді.

«Заң және тәртіп» идеологиясы заңда белгіленген талаптарды сақтауды ғана емес, әрбір азамат өз құқықтары мен міндеттерін білетін, заңды құрметтейтін және өз әрекеттері үшін жеке жауапкершілікті түсінетін қоғам қалыптастыруды көздейді.

Осыған байланысты құқықтық сауаттылықты арттыру, есірткі құралдарының заңсыз айналымының салдары туралы қолжетімді ақпарат беру және көмек алу мүмкіндіктері туралы хабардар ету құқық бұзушылықтардың алдын алу мен адам құқықтарын қорғаудың маңызды құрамдас бөліктері болып табылады.

Аманжол КАРИМОВ,
ҚР адам құқықтары
жөніндегі уәкілдің
Ұлытау облысы
бойынша өкілі.



НАЗНАЧЕНИЕ

По итогам проведенного конкурса на должность директора КГП на ПХВ «Поликлиника г. Сатпаев» назначена Ерденова Махаббат Сейсенбековна.

Ранее Махаббат Сейсенбековна занимала должность заместителя директора и исполняла обязанности директора данного медицинского учреждения.

Поздравляем Махаббат Сейсенбековну с назначением! Желаем успехов в профессиональной деятельности, эффективной работы и новых достижений!

ДЕНСАУЛЫҒЫҢ – ӨЗ ҚОЛЫҢДА

ТУБЕРКУЛЕЗДІҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

Туберкулез – көбінесе өкпені зақымдайтын, ауа арқылы таралатын жұқпалы ауру. Оның қоздырғышы – *Mycobacterium tuberculosis* бактериясы. Ауру адам жөтелгенде, түшкіргенде немесе сөйлескенде ауаға тараған бактериялар басқа адамдарға жұғуы мүмкін. Дегенмен туберкулездің алдын алуға және оны емдеуге болады. Сондықтан аурудың таралуын болдырмау үшін алдын алу шараларын сақтау өте маңызды.



тағайындаса, толық қабылдау

Кейбір адамдарда туберкулез бактериясы ағзада болғанымен, ауру белгілері бірден байқалмауы мүмкін. Аурудың даму қаупі жоғары адамдарға дәрігер туберкулездің профилактикалық емін тағайындауы мүмкін. Мұндай ем инфекцияның белсенді туберкулезге айналу қаупін төмендетуге бағытталған. Дәрігер тағайындаған профилактикалық емді өз бетінше тоқтатпай, толық курс бойынша қабылдау қажет.

Қорытынды

Туберкулездің алдын алу – тек медицина қызметкерлерінің ғана емес, әр адамның ортақ міндеті. Вакцинациядан өту, денсаулықты бақылау, ауру белгілері байқалған жағдайда дәрігерге уақытында қаралу, бөлмелерді желдету, жөтелу мәдениетін сақтау және салауатты өмір салтын ұстану туберкулездің таралу қаупін азайтуға мүмкіндік береді.

Туберкулезден қорғанудың ең тиімді жолдарының бірі – ауруды ерте анықтап, медициналық көмекті уақытында алу. Әр адам өз денсаулығына жауапкершілікпен қараса, туберкулездің таралуын азайтуға және қоғамның денсаулығын қорғауға үлес қоса алады.

Асыл ШОЛТАМАНОВА,
сараптама дәрігері

1. Вакцинация

Туберкулездің ауыр түрлерінен, әсіресе балаларды қорғауда БЦЖ вакцинасының маңызы зор. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы БЦЖ вакцинасы балаларды туберкулездің ауыр түрлерінен және осы аурудан болатын өлімнен қорғауға көмектесетінін атап көрсетеді. Вакцинацияны медицина қызметкерлерінің ұсынымдарына сәйкес жүргізу қажет.

2. Медициналық тексеруден уақытында өту

Туберкулездің алдын алуда ауруды ерте анықтау маңызды. Ұзақ уақытқа созылған жөтел, дене қызуының көтерілуі, әлсіздік, себепсіз салмақ жоғалту, түнгі тершендік сияқты белгілер байқалса, дәрігерге қаралу керек. Ауруды ерте анықтап, емдеуді уақытында бастау инфекцияның басқа адамдарға таралу қаупін азайтады.

Туберкулезбен ауырған адаммен жақын қарым-қатынаста болған немесе аурудың даму қаупі жоғары адамдарға арнайы тексеруден өту ұсынылады. Мұндай жағдайда медициналық қызметкер адамның жағдайына қарай қажетті зерттеулерді белгілейді.

3. Бөлмені жиі желдету

Туберкулез ауа арқылы тарайтындықтан, таза ауа мен дұрыс желдетудің маңызы жоғары. Үйде, сыныпта, жұмыс орнында және басқа жабық бөлмелерде терезе ашып, ауаны тұрақты жаңартып отыру қажет. Әсіресе адам көп жиналатын жабық орындарда желдету инфекцияның таралу қаупін төмендетуге көмектеседі.

4. Жөтелу және түшкіру мәдениетін сақтау

Жөтелгенде немесе түшкіргенде ауыз бен мұрынды майлықпен немесе шынтақтың бүгілген жерімен жабу

керек. Қолданылған майлықтарды қоқысқа тастап, қолды мұқият жуған жөн.

Егер адамда туберкулез белгілері байқалса немесе оған туберкулез диагнозы қойылса, дәрігердің нұсқауларын орындап, басқа адамдармен жақын қарым-қатынасты шектеу және қажет болған жағдайда маска пайдалану маңызды.

5. Салауатты өмір салтын ұстану

Ағзаның жалпы жағдайы да туберкулездің даму қаупіне әсер етеді. Дұрыс тамақтану, жеткілікті ұйықтау, дене белсенділігін сақтау және темекіден бас тарту денсаулықты нығайтуға көмектеседі. ДДСҰ туберкулездің даму қаупін арттыратын факторлардың қатарына жеткіліксіз тамақтануды, темекі қолдануды, иммундық жүйенің әлсіреуін және кейбір созылмалы ауруларды жатқызады.

6. Профилактикалық емді дәрігер

► АРҚАНЫҢ АРДАҚТЫЛАРЫ – АЙ...

Ұлағатты ұстаз

ҰЛТУ БӘЙМЕНОВА – 80 ЖАСТА

Өмір – адам баласына берілген үлкен мүмкіндік болса, оны мазмұнды өткізіп, өнегелі із қалдыру – нағыз бақыт. Саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнап, мыңдаған шәкірттің бағын ашқан ұстаздардың жөні бөлек.

Бүгінде айналасына шуағын шашып, өнегелі өмір жолы жас ұрпаққа үлгі болатын ардақты ұстаз, білікті басшы Ұлту Бәйменова 80 жастың биігіне шығып отыр. Бұл мерейтой – тек бір әулеттің ғана емес, ұзақ жылдар бойы ол кісіден тәлім алған шәкірттердің, бірге еңбек еткен әріптестерінің де ортақ қуанышы. Біздің отбасымыздағы апам Зиягүл, інім Бекзат пен мен де Ұлту мұғалімнің шәкіртіміз. Парасаттылықтың сексенінші белесін бағындырған ұстазымызды інім екеуіміз арнайы барып құттықтадық. Ұлағатты ұстазымызбен бірге өткен күндерді еске алдық.

Ұлту ұстаздың өмір жолы – еңбекқорлық пен өз мамандығына деген шексіз адалдықтың айқын үлгісі. Жезқазған қаласынан 70 шақырым

биология пәндері бойынша сабақ беретін жоғары білімді маман болып шықтым. 1965 жылдан бастап, алғаш рет сынып жетекшісі болсам, содан бері қаншама түлектерді алтын ұясынан ұшырдым. Шәкірттерімнің бәрін бірдей көрдім, туған балаларым сияқты қарадым, мен сабақ беретін пәндерден бойларынан қызығушылық көрсем, алға жетеледім.

Иә, Ұлту мұғалім мектеп қабырғасындағы ең күрделі қос пән – химия мен биологиядан ұзақ жылдар бойы үзіліссіз дәріс берді. Биология – тіршіліктің тылсым сырларын ұғындырса, химия – заттардың жаратылысын зерттейді. Күрделі формулалар мен периодтық жүйені, адам ағзасы мен табиғат заңдылықтарын бала санасына ұялату оңай шаруа емес. Алайда, Ұлту мұғалім өзі-



қалалық, облыстық олимпиадаларға өзі апарып, қатыстыратын. Ол кісінің алдынан өткен қаншама шәкірті бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде білікті дәрігер, биолог пен химик болып мемлекетіміздің дамуына үлес қосып жүр.

Ұлту Бәйменова тек мықты педагог ғана емес, сонымен бірге іскер ұйымдастырушылық қабілеті жоғары білікті басшы ретінде танылды. Оған дейін мектеп директорының оқу, тәрбие ісі жөніндегі меңгерушісі қызметтерін атқарған білікті ұстазға 1987 жылы білім ордасының тізгіні сеніп тапсырылып, бұл лауазымды тапжылмай 17 жыл, яғни 2004 жылға дейін мектеп директоры қызметін атқарды. Мектеп басқару – үлкен жауапкершілік, ал 17 жыл бойы қара шаңырақтың абыройын асқақтатып, білім сапасын жоғары деңгейде ұстап тұру оңай емес. Ұлту ұстаз ең алдымен, мектептің материалдық-техникалық базасын заман талабына сай жаңартты. Ұжым арасында сабақтастықты жалғастырды, өзара сыйластық пен шығармашылық орта қалыптастырды. Жас мамандарға бағытбағдар беріп, олардың кәсіби өсуіне, жан-жақты дамуына жағдай жасады. Ол қатал талап қоя білетін әділ басшы болуымен бірге, әрбір оқушының жағдайын ойлайтын қамқор ана, әрбір әріптесінің көңіл-күйін қабағынан түсінетін парасатты жетекші бола білді. Өзі алғаш еңбек жолын бастаған ұжымда аға пионер вожатыйлықтан – мектеп директорына дейінгі жолдан өткен ардақты жан бір орында 40 жылдан астам уақыт жұмыс істеп, зейнет демалысына шықты.

Бүгінде 80 жастың сеңгіріне шыққан Ұлту мұғалім жолдасы Хамит Қожабаевпен бірге 62 жыл бақытты ғұмыр кешті. Хамит Қожабаев Теректі ауылында ұзақ жылдар

басқарушы, кейіннен «Кеңгір» ауылшаруашылығы тәжірибе станциясында ғылыми қызметкер болып еңбек етті. Зейнетке шыққасын да қол қусырып, қарап отырмай, жеке шаруашылық ашып, ауыл шаруашылығы өнімдерін шығарумен айналысты. Қос гүлі Саулет пен Нұргүл тұрмыста, немерелері бар. Екеуі де қаржы саласының білікті мамандары. Ұлдары Азаматты аяқтандырған, одан 3 немере сүйіп отырған, ардақты әже. Азамат кеден саласында жемісті еңбек етті. Қазір ауылшаруашылығы саласында, ұлы Дінмұхамед, ата-әжесінің сүйікті немересі Канадада оқиды. Ол демалысқа келгенде әулеттерімен жиналып, мәре-сәре болады. Ұлту ұстаз бен жолдасы Хамит 2010 жылы қажылық парызын өтеп, рухани тұрғыдан байып қайтты. Бұл сапар олардың имандылық жолындағы үлкен ғибадаты мен өнегелі өмірінің маңызды белесі болды.

40 жылдан астам шәкірттерді білім нәрімен сусындатқан Ұлту ұстаздың мол педагогикалық мұрасы мен 17 жыл бойғы басқарушылық еңбегі бағаланып, кезінде «Социалистік жарыстың жеңімпазы» төсбелгісімен, «ҚР білім саласының үздігі» атағына ие болған, «Еңбек ардагері» медалінің иегері. Ең үлкен марапаты – шәкірттерінің жетістігі, әріптестерінің ыстық ықыласы мен халықтың алғысы.

Білім саласының аңыз тұлғасы, ұлағатты ұлы көштің алдыңғы шебінде тұрған Ұлту Бәйменованы 80 жылдық мерейтойымен құттықтаймыз! Шәкірттеріңіз бен ұрпақтарыңыздың қызығына кенеліп, ұзақ, бақытты ғұмыр кешіңіз, аяулы Ұстаз!

Базаркүл ҮМБЕТОВА,
ҚР Ақпарат саласының
үздігі,
Қазақстанның
Құрметті журналисі.



қашықтықта орналасқан Теректі ауылындағы №6 мектепке Ұлту Бәйменова 17 жасында аға пионер вожатый болып орналасады.

– Онжылдықты аяқтасымен, Қарағандыға барып оқуға түсіп, жоғары білім аламын деп ойлағанмын. Адамның алға қойған жоспары емес, Алланың маңдайыңа жазғаны болады екен, деп бастады әңгімесін Ұлту мұғалім өткен күндерге ойша шолу жасап. Осылайша, бірден мектептен еңбек жолым басталды. 18 жасымда 1964 жылы тұрмысқа шықтым. Жолдасым Хамит Қожабаев жоғары білім алуымды құптады, сол жылы Қарағандыға институтқа түсіп, 1969 жылы химия,

нің педагогикалық шеберлігінің арқасында әр сабағын сиқырлы әлемге айналдыра білді. Теректі стансасындағы қазіргі заман талабына сай мектеп 2025 жылы ғана пайдалануға берілді. Біз шағын ғана қос мектептің арасында жүріп оқыдық. Бір мектепте пән кабинеттері болса, екінші мектепте дене шынықтырудан ойын алаңдары бар еді. Аз ғана үзіліс кезінде лабораториялық тәжірибелер жасау үшін келесі мектепке барушы едік. Ұлту мұғалім көрсеткен зертханалық тәжірибелер, әрбір элементті өмірмен байланыстыра түсіндіру әдісі шәкірттердің химия пәніне деген құштарлығын оятты. Бізді аудандық,

■ ӨНЕРДІҢ ӨРІНДЕ

Шертпе күйдің шебері

Он саусақ домбыраға үн бітірген,
Ағасы күйшілердің ардакүрең.
Тоқаның көз жасындай
қайран Мұқам,
Мен сені қайда жүрсем
аңсап жүрем.

Жәнібек КӘРМЕНОВ

Біздің елде бұл рудан ел басқарған көсемдер мен сөз бастаған шешендер, зиялылар өнер қайраткерлері көптеп шыққан. Мұқанның өз айтуы бойынша бала күнінде нағашысы Сайдалы елінің сөзін ұстаған абыз ақсақалы, балуан Кәдіркей Сәдуақасовтың тәрбиесінде болып, домбыраны сол кісіден үйренгенін айтады.

«Жігіттің жақсы болмағы нағашыдан», - демекші, Мұқанның өзі де нағашысына тартқан балуан бітімді, атан жілік азамат. Ал өз әкесі Қанай Тілеуханұлы – Ұлы Отан соғысының ардагері, партия қатарында болса да бес уақ намазын қаза қылмаған, қақсоқпен шаруасы жоқ пәтуа ақсақал еді. Өнерден де қара жаяу емес, тақиясын көзіне көлегейлей түсіріп, қоңыр домбырасын кеудесіне қойып шертіп жатқанына сан куә болғанмын.

Мұқанның өнердегі бағын ашқан шығарма Сайдалы сары Тоқаның «Төрт толғау» атты күйі болатын. 1972 жылы Алматыда өткен Жамбыл Жабаевтың 125 жылдық торқалы тойында Алматы халық шаруашылығы институтының студенті, болшақ бухгалтер-экономист Мұхаметжан Қанайұлы Тілеуханов академик-жазушы Сәбит Мұқанов бастаған бір топ қазақ зиялыларының алдында бұл күйді тұңғыш рет орындап, өнерсүйер қауымнан жоғары бағасын алады.

Өнердегі алғашқы қадамын осылай сәтті бастаған бозбала Мұқаң сол кезде болашақ өз бақытын да осы өнерден табатынын сезінді ма екен?! Міне, содан бері жарты ғасыр өтсе де қара домбырасын жанына серік етіп Германия, Италия, Франция тәрізді мемлекеттерде өнер көрсетіп қошеметке бөленді.

Мұқаңмен арамыздағы ағалы-інілік сыйластығымыз 1988 жылы мен Жаңаарқа аудандық Мәдениет бөліміне басшы болып келгеннен басталды. Ол кезде Мұқаң автоклуб меңгерушісі екен. Республика бойынша жанар-жағар май қат уақыт, автоклубтар шопандарға мәдени қызмет көрсетуге партия міндеттелген, не істеу керек?! Міне, осындай қиын-қыстау кезеңде Мұқанның ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында 14 автоклубқа тиесілі мол жанар-жағар майды бөлгізіп алып келгеніне риза болып Мұқаңды Орталықтандырылған автоклуб жүйесінің бас директоры қылып тағайындадым. 1988 жылдың қортындысы бойынша Жаңаарқа ауданы жылжымалы мәдениет қызмет

ӘЙГІЛІ САЙДАЛЫ САРЫ ТОҚАННЫҢ МҰРАГЕРІ, ШЕРТПЕ КҮЙДІҢ ШЕБЕРІ, САЗГЕР, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН МӘДЕНИЕТ ҚЫЗМЕТКЕРІ, «ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІНІҢ ИЕГЕРІ, ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КОНСЕРВАТОРИЯСЫ МЕН ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МУЗЫКА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ «ҚҰРМЕТТІ ПРОФЕССОРЫ» - МҰХАМЕТЖАН ҚАНАЙҰЛЫ ТЛЕУХАНОВ ТУРАЛЫ СӨЗ БАСТАМАС БҰРЫН ОНЫҢ ӨНЕРГЕ КЕЛУІ ЖОЛЫНА ҮҢІЛЕР БОЛСАҚ: МҰҚАҢ ҚАРА ТОҚАНЫҢ СӘКЕН ТУҒАН ТАРМАҒЫ МЫРЗАМБЕТТЕН ТАРАЙДЫ.



көрсетуден Жезқазған облыстық Мәдениет басқармасының Бас жүлдесін жеңіп алып, Мұқаңа жаңа қызметтік УАЗ автоклубы беріліп, Мұқаңның есімі облыстық Кәсіподақтар комитетінің «Құрмет кітабына» жазылды.

1989 жылы Жаңаарқа ауданының 60 жылдық мерекесіне орай жаңадан құрылған, алғашқы репертуарын Бекболат Тілеухан мен Рүстем Күлшебаев жасаған «Назқоңыр» фольклорлық-этнографиялық ансамбіліне арнап ұлттық аспаптар жасатуға Алматыдағы ұлт-аспаптары шеберханасына тапсырыс беріп, жартылай ақшасын төлеп қойды. Келісілген 2 ай мерзім өтті, аспаптарымыздың дайын болар түрі жоқ. Жағдайды Мұқаңа айтып едім: - Секім, сен саспа мені 4-5 күнге Алматыға жібер, шаруаны Рамазанға айтсам да, біржақты қыламын деді. Содан не керек шеберханамен қалай тіл табысқанына білмеймін оларға барлық аспаптарды жасатып, тапсырысты кешеуілдеткендері үшін екі домбыраны сыйлыққа алып жеті күн дегенде жетті-ау Мұқам. Сөйтсек, оншақты аспапты жалғыз өзі көтере алмағандықтан бір күннен кейін шығатын Алматылық делегация құрамымен бір вагонға билет алып, олардың жеткенше жағдайларын жа-

сап, қолдарына (топырақтың торқа болғыр! Кәкімбек Салықов, Сәкен Жүнісов, Жәнібек Кәрменов, Ерік Асқаровтарға) бір-бір аспап ұстатып қойыпты. Мұндай тапқырлық тек Мұқаңның қолынан келер еді.

Мұқаңның ел біле бермейтін асыл қасиетінің бірі – оның ақ көңілділігіне қоса ашық қолды, жомарттығы дер едім. Бұған Жаңаарқада жүрген сонау бір жылдары көзім жеткені бар. Екеуіміз ел аралауға шықтық. Сөйтсем, Мұқаң өзімен бірге сол кездегі қасқалдақтың қанындай қат нәрсе – үнді шайын молырақ ала шығыпты. Әр шопанның үйіне барған сайын «Біздің үйдегі тәтелеріңнің сәлемдемесі» деп сыйға тартып отырады. Сосын: - Аға-ау, әр шопанға мынандай ғып шай тарата берсеңіз, шашыңыз шақ келмейді ғой – деп әзілдедім.

-Секім- деді сонда ағам - Тәтеңнің жиған – тергенінен алған 2 кг шайға бола, біз кедейленіп қалмаймыз, ал, осындай сый-сияпатты көрген шопандардың көңілдері қалай көтеріліп қалғанын өзің де көріп келесің ғой – деген.

Менің көз алдыма дүниеге 6 ұл, 4 қыз әкеліп «Батыр ана» атанған, жоқ деп саспаған, бар деп таспаған,

отағасымен 50 жыл өнегелі ғұмыр көшкен, барлық балаларына жоғары білім әперіп, ұлдарын ұясына, қыздарын қиясына қондырған, шеберелерінің қызығына бөленіп жүрген ел анасы Айнагүл Кәдіркейқызы апам келді. «Қандай кемеңгер ана едіңіз!», - дедім іштей сүйсініп.

Мұқаңның тағы бір қасиеті әңгімешілдігі. Ол «Жынды Әбен» атамыздың хикаяларын айтқанда ауызыңның суы құрып, шек-сілеңді қатырады. Әсіресе Әбен болып образға еніп, оның қимылын салып сөйлегенде анау-мынау актерің жолда қалатынын біреу білсе, біреу білмес?! Мен Елбасының шақыруымен 2002 жылы Жезқазғаннан Ел ордамыз Астанаға көшіп келіп, сол жақта 2500 адамдық «Конгресс холл» сахнасында сегіз рет жеке концертті беріп-пін. Алайда, Жаңаарқалық өнердегі ұстаздарым әрі үлгі тұтар ағаларым Мұхаметжан мен Қорабайды концерттерімнен бір де бір рет ұмыт қалдырған емеспін.

Бұл – кәсіби мамандықтары бөлек болса да, өнерлерін өмірлеріне серік қылған менің әріптес ағаларым күйші-композитор, бухгалтер-экономист, «Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері», «Құрмет» орденінің иегері - Мұхаметжан Тілеуханов пен әнші-композитор, бард, ғалым-агроном, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», «Парасат» орденінің иегері - Қорабай Есенов арқылы қазақтың айтулы өнерпаздары мен көркемөнеріне көрсеткен ерекше құрметім болатын.

«Өнер көзі – халықта!» - демекші ел ішінде ұрпаққа үлгі көрсетіп, өнеге болар сіздердей біртуар тұлғалар барда қазақтың өнері өшпек емес! Мұқаңмен қызметтес болған жылдары мен ол кісінің достыққа деген адалдығына, әсіресе, Жетіағаш, Ғазаған, Аманғазы, Қорабай, Жәнібек, Қайрат десе ішкен асын жерге қоятынына, оларды үнемі мақтап тұта сөйлеп отыратындығына сан мәрте тәнті болғанмын.

«Өсер елдің баласы бірін-бірі батыр дейді», - деген мақалды бабаларымыз осындайда айтса керек. Сөз соңында бүгінде 80-нің сеңгіріне келіп отырған, аузын ашса жүрегі көрінетін ақкөңіл, сөйлеп кетсе шежіре, он саусағынан бал тамған, шертпе күй шебері, көненің көзіндей Мұхаметжан Қанайұлы ағама зор денсаулық, қажымас қайрат, шалқар шабыт тілей отырып. Соныңыздан ерген ұрпақтарыңызға өнеге болып, оқыған бес уақ намазыңыз қабыл болғай демекпін.

**Серік ОСПАН,
Өнер зерттеуші,
әнші-термеші,
Қазақстанның еңбек
сіңірген артисі,
Ұлытау облыстық
халық шығармашылығы
бөлімінің басшысы.**

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚОЛДАНЫС АЯСЫН КЕҢЕЙТУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

Қазақ тілі – халқымыздың ұлттық болмысын, тарихын, мәдениеті мен рухани құндылықтарын айқындайтын аса маңызды құндылық. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру – тек тіл мамандарының немесе белгілі бір мекеменің ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Себебі тіл – ұлттың өзіндік ерекшелігін сақтайтын, ұрпақты тәрбиелейтін және қоғам мүшелерін біріктіретін негізгі құрал.

Бүгінде мемлекеттік тіл білім беру, мемлекеттік басқару, мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары, спорт, қызмет көрсету, кәсіпкерлік және басқа да қоғамдық салаларда кеңінен қолданылып келеді. Қазақ тіліндегі кітаптар мен басылымдардың, телерадио бағдарламаларының, интернет ресурстарының және цифрлық контенттің көбеюі тілдің заманауи кеңістіктегі мүмкіндіктерін арттыруда.

Қазақ тілін дамытуда отбасының орны ерекше. Бала тілдің алғашқы үлгісін отбасынан алады. Сондықтан ата-ана баламен қазақ тілінде сөйлесіп, оның сөздік қорын байытуға, ана тілінде кітап оқуға және қазақ тіліндегі мәдени өнімдерді тұтынуға ынталандыруы маңызды. Отбасында қалыптасқан тілдік орта баланың болашақтағы тілдік дағдысына тікелей әсер етеді.

Білім беру саласы да мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуде маңызды рөл атқарады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудан бастап жоғары білімге дейін қазақ тілінің сапалы әрі қолжетімді болуы – тілдің болашағы үшін маңызды фактор. Сонымен қатар оқушылар мен жастарды қазақ тілін үйренуге қызықтыратын заманауи әдістерді, цифрлық платформаларды, шығармашылық жобаларды және түрлі байқауларды көбейту қажет.

Мемлекеттік тілдің қоғамдағы беделін арттыру үшін тіл үйренуді міндет ретінде ғана емес, тұлғаның дамуына мүмкіндік беретін құндылық ретінде қалыптастыру керек. Қазақ тілін меңгерген азамат Қазақстанның тарихы мен мәдениетін тереңірек түсініп, ұлттық құндылықтармен жақынырақ танысады. Сондықтан тіл білу – елдің қоғамдық өміріне белсенді араласудың да бір жолы.

Мемлекеттік мекемелердің тіл саясатын жүзеге асырудағы жауапкершілігі де жоғары. Құжат айналымын мемлекеттік тілде жүргізу, азаматтарға қазақ тілінде сапалы қызмет көрсету, көрнекі ақпараттардың сауатты әрі талапқа сай рәсімделуін қамтамасыз ету – мемлекеттік тілдің мәртебесін көтерудің нақты көріністері. Әрбір мемлекеттік қызметкер қазақ тілін қызметтік міндеттерін орындауда еркін қолдануға ұмтылуы тиіс.

Сонымен бірге мемлекеттік тілдің дамуы басқа тілдерді құрметтеуге кедергі келтірмейді. Қазақстан – түрлі этнос өкілдері өмір сүретін ортақ шаңырақ. Сондықтан тіл саясаты өзара құрмет, түсіністік және қоғамдық келісім қағидаттарына негізделуі қажет. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесін нығайту – еліміздегі тілдік және мәдени әраландылықты жоққа шығару емес, керісінше барша азаматтарды ортақ мемлекеттік құндылықтар төңірегіне топтастыру.

Қазіргі таңда цифрлық технологиялардың дамуы қазақ тілінің жаңа мүмкіндіктерін қалыптастырып отыр.

Әлеуметтік желілерде қазақ тіліндегі сапалы контенттің көбеюі, мобильді қосымшалар мен онлайн курстардың дамуы, электрондық кітаптар мен аудио-визуалды материалдардың қолжетімді болуы – тіл үйренушілер үшін үлкен мүмкіндік. Әсіресе жастардың тілдік ортасын қалыптастыруда интернет кеңістігінің ықпалы зор. Сондықтан қазақ тіліндегі заманауи әрі қызықты контентті көбейту – бүгінгі күннің өзекті міндеттерінің бірі.

Мемлекеттік тілдің спорт саласындағы қолданысын да ерекше атап өткен жөн. Спорт – қоғамның әртүрлі топтарын біріктіретін маңызды әлеуметтік орта. Спорт мектептерінде, спорттық жарыстарда, жаттығу сабақтарында, бұқаралық іс-шараларда қазақ тілін кеңінен қолдану жас спортшылардың мемлекеттік тілге деген құрметін арттырады. Жаттықтырушының спортшыға қазақ тілінде бағыт-бағдар беруі, жарыстарды қазақ тілінде жүргізу, ақпараттық материалдарды мемлекеттік тілде әзірлеу – тіл саясатының нақты әрі күнделікті жүзеге асуының үлгісі.

Тілдің дамуына әр азамат өзінің қарапайым әрекеті арқылы үлес қоса алады. Қазақ тілінде амандасу, қызмет көрсету кезінде мемлекеттік тілді пайдалану, қазақша кітап оқу, мемлекеттік тілдегі ақпаратты тұтыну, баламен қазақша сөйлесу, әлеуметтік желіде қазақ тілінде жазу – үлкен өзгерістердің бастамасы бола алады. Мемлекеттік тілдің болашағы тек заңнамалық талаптарға емес, қоғам мүшелерінің оған деген көзқарасы мен күнделікті әрекетіне байланысты.

Қорытындысын айтатын болсам, мемлекеттік тілдің дамуы – уақыт талабына сай үздіксіз жүзеге асатын маңызды үдеріс. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту үшін мемлекет тарапынан жасалып жатқан жұмыстармен қатар, әр азаматтың жеке жауапкершілігі мен белсенділігі қажет. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру – тек тілдің мәртебесін көтеру емес, ұлттық құндылықтарымызды, мәдениетімізді және тарихи санамызды нығайту.

Қазақ тілі қоғамның барлық саласында еркін қолданылатын, заманауи ғылым мен технологияның, білім мен мәдениеттің, мемлекеттік басқару мен қоғамдық қарым-қатынастың толыққанды тілі болуы тиіс. Бұл мақсатқа жетудің ең тиімді жолы – мемлекеттік тілді құрметтеу ғана емес, оны күнделікті өмірде тұрақты қолдану.

Мемлекеттік тіл – ел бірлігінің, ұлттық рухтың және тәуелсіздіктің маңызды тірегі. Қазақ тілінің болашағы – әрқайсымыздың бүгінгі әрекетімізге байланысты.

Нұргүл ШӘГІЛ,
«Облыстық мамандандырылған олимпиадалық резервтегі балалар мен жасөспірімдер мектебі» КММ басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

► ЕСТЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

ЛИФТ, МҰНАРА, ЭСКАЛАТОР ОРНАЛАСҚАН ҒИМАРАТТАРҒА НАЗАР: ҚАУІПТІ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫ ЕСЕПКЕ ҚОЮ МІНДЕТТІ

Қалада көппәтерлі тұрғын үйлер, мектептер, сауда орталықтары, емханалар мен басқа да әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде лифт, эскалатор, траволатор, мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіш сияқты қауіпті техникалық құрылғылар пайдаланылады.

Мұндай құрылғылардың қауіпсіз әрі заңды жұмыс істеуі үшін оларды тиісті мемлекеттік органда есепке қою міндетті талап болып табылады.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 29 қыркүйектегі № 485 бұйрығымен бекітілген Қауіпті өндірістік объектілерді және қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару қағидаларына сәйкес «Жезқазған қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы мәселе бойынша қала мекемелерінің басшыларына, ғимарат иелеріне және пайдаланушы ұйымдарға түсіндірме бергісі келеді.

Қауіпті техникалық құрылғы деген не және кімге қатысты: тұрғын үй инспекциясы елді мекен шегіндегі әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде орналасқан қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетеді. Бұл құрылғыларға мыналар жатады:

- лифтілер;
- эскалаторлар мен траволаторлар;
- мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштер;
- қысыммен жұмыс істейтін ыдыстар, қазандықтар, құбырлар мен крандар (тиісті ғимаратта болған жағдайда).

Бұл талап лифт, мұнара (лифт шахтасы орналасқан құрылыс), эскалатор немесе өзге де көтергіш жабдық орналасқан барлық ғимарат – тұрғын үй кешендері, әкімшілік ғимараттар, емдеу және білім беру мекемелері, сауда орталықтары – иелеріне және оларды пайдаланушы ұйымдарға (кондоминиум объектісін басқару органдары, тұрғын үй иелерінің бірлестіктері, кәсіпорындар) қатысты.

Неге есепке қою міндетті: заңнамаға сәйкес, есепке қойылмаған қауіпті техникалық құрылғыны пайдалануға беруге болмайды. Құрылғы монтажданып, пайдалануға дайын болғаннан кейін иесі немесе пайдаланушы ұйым оны тұрғын үй инспекциясының есебіне қоюы тиіс – тек содан кейін ғана лифт немесе эскалатор заңды түрде іске қосылады. Есепке қоймай пайдалануға берілген құрылғылар үшін жауапкершілік көзделген, ал апаттық жағдай туындаса, мұндай бұзушылық қосымша тексеріс пен санкцияларға әкеп соғады.

Есепке қою үшін қандай құжаттар қажет: мемлекеттік қызмет көрсетілуі үшін өтініш беруші (немесе оның сенімхат бойынша өкілі) мына құжаттарды тапсырады:

- белгіленген нысандағы құрыл-

ғыны есепке қою немесе есептен шығару туралы өтініш;

- жеке басын куәландыратын құжат;

- қауіпті техникалық құрылғының (лифт, көтергіш, қазандық, қысыммен жұмыс істейтін ыдыс, құбыр, кран) техникалық паспорты — стандартта белгіленген тиісті қосымша нысанына сәйкес.

Құжаттар топтамасы толық болмаса, өтініш қабылданбайды немесе қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту беріледі.

Қайда жүгіну керек: өтінішті «Жезқазған қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ, «Азаматтарға арналған үкімет» ХҚКО арқылы немесе электрондық үкімет порталы арқылы тапсыруға болады. Портал арқылы жүгінген жағдайда өтініш автоматты режимде қабылданады және қызметтің нәтижесін алу күні жеке кабинетте көрсетіледі.

Қызмет қалай көрсетіледі: бөлім мамандары ұсынылған құжаттарды және құрылғының техникалық паспортын тексереді, қажет болған жағдайда объектіге барып тексеру жүргізеді. Тексеру нәтижесі бойынша құрылғы есепке қойылады не есептен шығарылады, немесе құжаттардағы кемшіліктерге байланысты дәлелді бас тарту беріледі. Қызмет мемлекеттік алым өндірілмей, тегін көрсетіледі.

Есепке қоймаудың салдары: соңғы кезде республика бойынша есепке қойылмай пайдалануға берілген лифтілерге байланысты оқыс оқиғалар тіркеліп жатыр. Мұндай жағдайлар құрылысшы және пайдаланушы ұйымдарға қосымша тексеріс, кемшіліктерді жою жөнінде нұсқама және сот тәртібімен жауапкершілік туғызады. Сондықтан жаңа салынған немесе жөндеуден өткен ғимараттардағы лифт, эскалатор, көтергіш жабдықты пайдалануға берер алдында оны міндетті түрде тұрғын үй инспекциясының есебіне қою қажет.

Ғимарат иелері мен пайдаланушы ұйымдарды өз объектілеріндегі қауіпті техникалық құрылғылардың есепке қойылу мәртебесін тексеруге және анықталған олқылықтарды дереу жоюға шақырамыз. Бөлім мамандары құжаттарды дұрыс рәсімдеу және қажетті кеңес алу мәселесінде әрдайым қала тұрғындары мен мекеме басшыларына көмек көрсетуге дайын.

(Мақаланы «Жезқазған қаласының тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысы Айтбаева А.А. дайындады).

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Сәтбаев жылу, сумен жабдықтау кәсіпорыны» ЖШС әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізетіні туралы хабарлайды. Жобаның атауы:

- "Сәтбаев жылу, сумен жабдықтау кәсіпорыны " ЖШС үшін 2027-2029 жылдарға арналған атмосфераға зиянды заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасы ";

- "Сәтбаев жылу, сумен жабдықтау кәсіпорыны " ЖШС ("СПТВС" ЖШС) үшін 2027-2029 жылдарға арналған қалдықтарды басқару бағдарламасы";

- «Жезды өзеніне «Сәтбаев жылу, сумен жабдықтау кәсіпорыны» ЖШС-нің тазартылған сарқынды сулармен (шаруашылық-тұрмыстық) түсетін 2027 -2029 шекті рұқсат етілген төгінділер жобасы»;

- "Сәтбаев жылу, сумен жабдықтау кәсіпорыны " ЖШС үшін 2027-2029 жылдарға арналған экологиялық бақылау бағдарламасы";

"Сәтбаев жылу, сумен жабдықтау кәсіпорыны "ЖШС үшін қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2027-2029 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары".

Ықпал ету аумағы: Қазақстан Республикасы, Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы.

Географиялық координаттары: "Сәтбаев жылу, сумен жабдықтау кәсіпорыны "ЖШС: АБК алаңы - 1 - нүкте ендік 47.898488, бойлық 67.523677; 2-нүкте ендік 47.898857, бойлық 67.521665; 3-нүкте ендік 47.89977, бойлық 67.522071; 4-нүкте ендік 47.89953, бойлық 67.524118; Промбаза алаңы-1-нүкте ендік 47.89571, бойлық 67.534932; 2-нүкте ендік 47.89676, бойлық 67.532862; 3-нүкте ендік 47.89758, бойлық 67.53402; 4-нүкте ендік 47.897393, бойлық 67.535061; 5-нүкте ендік 47.896321 бойлық 67.536402; шаруашылық-нәжісті тазарту қондырғыларының алаңы-1-нүкте ендік 47.834998, бойлық 67.462412; 2-нүкте ендік 47.838475, бойлық 67.462476, 3-нүкте ендік 47.838629, бойлық 67.468409; 4-нүкте ендік 47.835067, бойлық 67.468126; III көтерілу алаңы: 1-нүкте ендік 47.89836, бойлық 67.513299; 2-нүкте ендік 47.900382, бойлық 67.514168; 3-нүкте ендік 47.899727, бойлық 67.517451, 4-нүкте ендік 47.897742, бойлық 67.516625.

Қоғамдық тыңдауды өткізу күні, уақыты, орны:

2026 жылдың 30 қыркүйек сағат 11.00 де, Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Ұлытау көшесі, 93, «Сәтбаев жылу, сумен жабдықтау кәсіпорыны» ЖШС.

Онлайн қосылым сілтемесі: <https://us05web.zoom.us/j/83657179908?pwd=qsCC9SPye5c18ifibpAf dZNa0i6CvM.1>

Конференция идентификаторы: 83657179908 Кіру коды: 5NHuPd

Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы: Сәтбаев жылу, сумен жабдықтау кәсіпорыны" ЖШС (БСН 151140024499), мекен-жайы: Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Ұлытау көшесі, 93-бет; e-mail: yelena.semidalova@mail.ru, Тел.+7(771)-263-12-62.

Жобалық материалдарды құрастырушылардың деректемелері мен байланыс деректері:

«ZhanAy Project» ЖШС Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы Бәйтерек ауылы ПКСТ Орел 10,. Телефон: +7 (707) 730-76-25, БИН 230540005590, E-mail: toozhanay@gmail.com.

Жоба материалдары веб-сайтта орналастырылған: ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ <https://ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr?lang=ru>.

Ескертпелер мен ұсыныстар қабылданады: НБДСОСиПР <https://ndbecology.gov.kz/>, «Ұлытау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Жезқазған қ., Ғарышкерлер бульвары, 15 ғим, тел.: +7701 635 55 10., e-mail: ulytau.obl_priroda@mail.ru.

Көзделіп отырған қызмет, қоғамдық тыңдаулар туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ мәлімделген жобалар бойынша құжаттардың көшірмелерін yelena.semidalova@mail.ru электрондық поштасы және/немесе +7 (771) -263-12-62 телефоны арқылы (Семидалова Елена Олеговна) сұратуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар сілтеме бойынша қабылданады ndbecology.gov.kz қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде.

«СЖСЖК» ЖШС әкімшілігі

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Сатпаевское предприятие тепловодоснабжения» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания для получения экологического разрешения на воздействие. Наименование проекта:

-«Проект нормативов допустимых выбросов вредных веществ в атмосферу для ТОО «Сатпаевское предприятие тепловодоснабжения» на 2027-2029 годы»;

-«Программа управления отходами для ТОО «Сатпаевское предприятие тепловодоснабжения» (ТОО "СПТВС") на 2027-2029 г.г.»;

-«Проект предельно допустимых сбросов поступающих с очищенными сточными водами (хоз-бытовыми) ТОО «Сатпаевское предприятие тепловодоснабжения» в реку Жезды на период 2027 -2029 г.г.»;

-«Программа экологического контроля для ТОО «Сатпаевское предприятие тепловодоснабжения» на 2027-2029 годы»;

-«План мероприятий по охране окружающей среды для ТОО «Сатпаевское предприятие тепловодоснабжения» на 2027-2029 годы».

Территория воздействия: Республика Казахстан, область Ұлытау, г. Сатпаев.

Географические координаты: ТОО «Сатпаевское предприятие тепловодоснабжения»: Площадка АБК- точка 1 широта 47.898488, долгота 67.523677; точка 2 широта 47.898857, долгота 67.521665; точка 3 широта 47.89977, долгота 67.522071; точка 4 широта 47.89953, долгота 67.524118; Площадка Промбазы- точка 1 широта 47.89571, долгота 67.534932; точка 2 широта 47.89676, долгота 67.532862; точка 3 широта 47.89758, долгота 67.53402; точка 4 широта 47.897393, долгота 67.535061; точка 5 широта 47.896321 долгота 67.536402; Площадка хоз-фекальных очистных сооружений- точка 1 широта 47.834998, долгота 67.462412; точка 2 широта 47.838475, долгота 67.462476, точка 3 широта 47.838629, долгота 67.468409; точка 4 широта 47.835067, долгота 67.468126; Площадка III-го подъема: точка 1 широта 47.89836, долгота 67.513299; точка 2 широта 47.900382, долгота 67.514168; точка 3 широта 47.899727, долгота 67.517451, точка 4 широта 47.897742, долгота 67.516625.

Дата, время, место проведения общественных слушаний:

30 сентября 2026 года в 11:00 часов, Ұлытауская область, город Сатпаев, улица Ұлытауская, 93, ТОО «Сатпаевское предприятие тепловодоснабжения» актовый зал.

Ссылка на онлайн подключение: <https://us05web.zoom.us/j/83657179908?pwd=qsCC9SPye5c18ifibpAf dZNa0i6CvM.1>

Идентификатор конференции: 83657179908 Код доступа: 5NHuPd Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Сатпаевское предприятие тепловодоснабжения» (БИН 151140024499), адрес: Ұлытауская область, город Сатпаев, улица Ұлытауская стр. 93; e-mail: yelena.semidalova@mail.ru, тел. +7(771)-263-12-62.

Реквизиты и контактные данные составителей проектных материалов:

ТОО «ZhanAy Project» № 02865P от 17.01.2025 г. Адрес: Алма-тинская обл. Енбекшиказахский район с.Байтерек ПКСТ Орел 10 тел/факс: 8 (707) 730 76 25 БИН 230540005590, e-mail: toozhanay@gmail.com

Материалы проекта размещены на сайтах: <http://ndbecology.gov.kz/> и <https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr?lang=ru>.

Замечания и предложения принимаются по ссылке <http://ndbecology.gov.kz/> и по адресу: область Ұлытау, г. Жезказган, бульвар Ғарышкерлер, здание 15, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Ұлытау», эл. почта: ulytau.obl_priroda@mail.ru; тел.: +7701 635 55 10.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, общественных слушаний, а так же копии документов по заявленным проектам можно запросить по эл. почте yelena.semidalova@mail.ru и/или по телефону +7(771)-263-12-62 (Семидалова Елена Олеговна).

Замечания и предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

**Администрация
ТОО «Сатпаевское предприятие тепловодоснабжения»**

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Сәтбаев қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінде 3-45-23 сенім телефоны жұмыс істейді. Осы телефон арқылы қала тұрғындары аталған мекеме қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң нормаларын бұзғандығы туралы фактілерді хабарлауларына болады. Жұмыс уақыты 9:00 – 18:30-ға дейін.

Email: maslihat. satpaev maslihat@mail.ru

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

ГУ «Аппарат Сатпаевского городского маслихата» сообщает, что в аппарате маслихата работает телефон доверия 3-45-23 с режимом работы с 9:00 до 18:30 часов, по которому жители города могут сообщить о фактах нарушения сотрудниками данного учреждения норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе и борьбе с коррупцией.

Email: maslihat. satpaev maslihat@mail.ru



ОВЕН. Для Вас эта неделя будет посвящена наведению порядка в делах и заботе о здоровье. Яркая энергия предыдущих недель сменяется необходимостью сосредоточиться на деталях. Начало недели идеально для завершения рабочих проектов и составления планов. В середине недели уделите внимание своему режиму дня.



ТЕЛЕЦ. Для Вас наступает прекрасная, творческая и романтическая неделя. Практичная энергия Девы направит ваше врожденное чувство прекрасного в созидательное русло. Начало недели идеально для свиданий, занятий любимым хобби и общения с детьми. В середине недели ваш шарм будет неотразим. Выходные проведите максимально весело и ярко.



БЛИЗНЕЦЫ. Для Вас неделя будет посвящена дому и семье. Активная социальная жизнь уступит место желанию побыть в родных стенах и укрепить связи с близкими. Начало недели благоприятно для решения бытовых вопросов и общения с родителями. В середине недели возможны важные семейные новости. Выходные посвятите созданию уюта.



РАК. Для Вас наступает очень активная и коммуникабельная неделя. Вас ждет много встреч, звонков, переписок и коротких поездок. Начало недели идеально для учебы и работы с информацией. В середине недели ваше красноречие будет на пике. Выходные проведите в движении, встречаясь с друзьями или исследуя новые места.



ЛЕВ. Для Вас неделя будет посвящена финансовым вопросам. Наступает время навести порядок в своих ресурсах и, возможно, найти новые источники дохода. Начало недели благоприятно для совершения покупок и планирования бюджета. Выходные посвятите отдыху и наслаждению плодами своих трудов.




ДЕВА. Для Дев продолжается их триумфальный период. Вы полны сил, энергии и готовы заявить о себе миру. Эта неделя идеальна для любых начинаний и реализации самых смелых идей. В начале недели не бойтесь проявлять инициативу. Выходные проведите так, как велит ваше сердце.




ВЕСЫ. Для Вас наступает неделя тишины и уединения. Вам захочется отдохнуть от суеты и побыть наедине со своими мыслями. Это время для восстановления сил перед новым рывком. В начале недели постарайтесь завершить все старые дела. В середине недели полезно будет заняться медитацией или творчеством.




СКОРПИОН. Для Вас неделя будет посвящена друзьям, коллективной работе и планам на будущее. Вы будете полны надежд и оригинальных идей. Понедельник и вторник идеальны для встреч с единомышленниками и мозговых штурмов. В середине недели может исполниться ваша давняя мечта. Выходные проведите в большой и шумной компании друзей.



СТРЕЛЕЦ. Для Вас наступает важная и ответственная неделя, посвященная карьере и достижению социальных целей. Пришло время показать свой профессионализм и, возможно, сделать шаг вверх по карьерной лестнице. Начало недели благоприятно для общения с руководством и постановки амбициозных задач.



КОЗЕРОГ. Для Вас наступает прекрасная неделя для расширения горизонтов и оптимизма. Вас потянет к новым знаниям, путешествиям и философским размышлениям. В начале недели стройте смелые планы на будущее. Середина недели хороша для самообразования и общения с людьми из других городов и стран.



ВОДОЛЕЙ. Для Вас неделя будет связана с решением сложных финансовых вопросов и глубокими эмоциональными переживаниями. Вам предстоит разобраться с общим бюджетом, кредитами или наследством. Начало недели благоприятно для серьезных разговоров. В середине недели доверяйте своей интуиции.



РЫБЫ. Для Рыб эта неделя пройдет под знаком партнерства. В центре вашего внимания будут как деловые, так и личные отношения. Умение слушать, договариваться и находить компромиссы станет ключом к успеху. В начале недели удачно пройдут любые переговоры. Середина недели хороша для публичных выступлений.

КӨРНЕКІ АҚПАРАТ ПЕН ЖАРНАМА ТІЛІНІҢ САУАТТЫЛЫҒЫ – ТІЛ МӘДЕНИЕТІНІҢ КӨРІНІСІ

Көрнекі ақпараттар мен жарнама тілінің сауаттылығы бүгінгі қоғамның алдында тұрған ең күрделі мәселелердің болып табылады. Жаһандық дәуірде елді-мекен тұрғындарының алдынан сәт сайын табылатын көрнекі ақпараттардағы тіл тазалығы, яғни емле ережелерінің дұрыс сақталуы, әдеби тіл нормаларының дұрыс қолданылуы сол елдің тілдік мәдени деңгейін танытар анық.

Қазақстан Республикасының «Көрнекі ақпарат мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына сәйкес, көрнекі ақпараттар қатарына елді-мекен, сауда орындары, қызметтік ұйым мен мекемелерінің маңдайшалары, жарнамалар, мәзірлер, хабарландырулар мен жарнамалар, сілтемелер, көрсеткіштер және қоғамның барша азаматтарына арналған мәтіндік ақпараттар түрлері жатқызылған. Себебі көрнекі ақпарат - еліміздің азаматтарына, қонақтарына мәліметтерді жазбаша немесе бейнелік түрде жеткізуге арналған, қабылдануға оңай болатын ақпарат түрі.

Көрнекі ақпарат пен жарнаманың негізгі мақсаты тұрғындарға қажетті мәліметтерді қысқа, әрі түсінікті түрде жеткізу болғандықтан, бұл мәтіндер арқылы халық белгілі бір бағыт бойынша сауатты бағдар алуы, ал мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың атқару қызметтерімен таныстырылуы тиіс. Сауда орындары мен белгілі бір қызмет көрсету орындары өздерінің тауарлары мен қызметтерін сауатты түрде жарнамалайды. Осы үрдіс аясында да мемлекеттік тілдің қолданылу аясы кеңейеді, тіл мәдениеті қалыптасады; халықтың тілге деген құрметі арта отырып, белгілі бір қоғамдық орынның беделі мен кәсіби деңгейінің көрсеткіші айқындалып беріледі.

Ал сауатсыз жазылған мәтін кез келген мекеменің қалыптасу деңгейі мен имиджіне, сонымен қатар мемлекеттік тілдің беделіне де кері әсер беретіні ақиқат.

Қазіргі кезде көптеген жарнамалық мәтіндерде тілдік нормалар мен ережелердің дұрыс сақталмауы салдарынан көптеген тілдік кемшіліктер кездестіреміз.

Біріншіден, жарнама мәтіндері өзге тілден аударылып берілу сәтінде сөздердің орынсыз калькаланып аударылуы жиі орын алады. Мұндай жағдай орыс тіліндегі тіркестерді аудару барысында көбірек кездеседі. Мысалы «Зима не за горами» сөзі калька түрінде «Қыс тауларға емес» болып аударылған кей жерлерде, ал оның мағыналық, әрі тиімді жарнамалық аудармасына «Қыс таяп қалды» деген баламасын ұсынуға болады. Сол сияқты аударма болған соң, барлық сөздерді қазақшалап аудару мақсат емес. Мысалы, қазақ тіл біліміндегі кірме сөздер, термин сөздер жарнама мәтіндерінде жиі кездеседі. Осындай жағдайларда мәтіннің толық мағынасын тиісінше сауатты аудару жарнама жасаушы тіл маманының біліктілігін талап етеді. Мысалы, сауда-саттық саласындағы «широкий ассортимент»

тіркесін қазақшалау барысында «мол таңдау» деп кірме сөзді аударуға, немесе «тауар түрлері көп» деп, көп сөзділікке орын алдырғаннан, кірме сөзді сәтті пайдаланып, «ассортименті мол» деп қана аударса, дұрыс болар еді.

Екіншіден – орфографиялық қателер. Түбір сөздерге тиісті қосымшаларды дұрыс жалғамай, тіпті бірге және бөлек жазылатын сөздерді шатастырып алатын жағдайлар жарнама сапасына нұқсан келтіретіні анық.

Сауатты жарнаманың мәтіні қысқа, нақты әрі түсінікті болуы керек. Мәтіні оқырманның назарына бірден түсіп, ой қабылдаушыға айқын болуы тиіс. Сондықтан көрнекі ақпараттың тартымдылығы тек оның түстік, бейнелік дизайнына ғана емес, тілдік сапасына да, мағыналық байланысына да байланысты.

Жарнама беруші мемлекеттік мекеме, ұйым мен сауда орындары өздерінің ұсынып отырған көрнекі ақпараттары арқылы өз мекемесінің кәсіби біліктілігін көрсете алады. Ал жалпы көрнекі ақпараттар мен жарнамалар мәтіні талапқа сай болуы мемлекеттік тілдің сауаттылығын құрайды.

Мемлекеттік тілдің беделін арттыру - барша кәсіпкерлердің, жарнама агенттіктерінің, дизайнерлердің, тіпті қоғамның әр азаматының ортақ жауапкершілігі. Сондықтан жарнама мәтінін халық алдына ұсынбас бұрын оның тілдік сауаттылығын тіл маманына, сонымен қатар сала бойынша бағыт-бағдар беретін кеңесшілердің алдынан өткізілуі тиіс.

Көрнекі ақпарат пен жарнама тілінің сауаттылығын сақтау арқылы әр қоғамдық ұйым мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруға өз үлесін қоса алады. Ақпараттарды сыннан өткізе отырып, сауатты жазу арқылы тілдің қолданылу аясын кеңейте отырып, тілдік мәдениеттің қоғамда үлкен беделге ие болуына ықпал етеді.

«Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, Ол - ақынның білімсіз бейшарасы» деп, ақын Абай өлең сөз жасауға үлкен талапты барша ақынға қойған болса, қазіргі кезде дәл осы талапты көрнекі ақпарат және жарнама жасаушы білікті мамандарға қою керек деп айтуға болады.

Мемлекеттік тілдің мәртебесі - барша азаматтың міндеті, ал жарнаманы сауатты рәсімдеу - бүгінгі күннің басты талабы.

Мейрамгүл КАЛИЕВА,
«Тілтану» оқу-әдістемелік орталығының курс оқытушысы.

Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген, 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАН

Таралым 1010 Тапсырыс 1422

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы:
Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты. Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.